



Павлодар облысының білім беру басқармасы, Екібастұз қаласы білім беру
бөлімінің «№ 25 қазақ қыздар гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

Құрастырған: бастауыш сынып мұғалімдері
Кабдылова Альфия Мажитовна

«Жас өлкетанушы»
арнаулы курс бағдарламасы
1-4 сыныптар



Екібастұз -2022ж

Мазмұны:

I. Кіріспе

1.1 Өзектілігі3

1.2 Түсінік хат4

II. Бағдарламаның мазмұны.....5

III. Күтілетін нәтиже.....6

IV.Пайдаланған әдебиеттер7

Екібастұз қаласы №25 қазақ қыздар гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдері
Кабдылова Альфия Мажитовна мен Адылханова Анар Мухамедовнаның
«Жас өлкетанушы» атты 1-4 сыныптарға арналған арнаулы курс бағдарламасы
және бағдарламаға бейімделген хрестоматия мен жұмыс дәптеріне

ПІКІР

Өлкетану - жас ұрпақтың туған өлке туралы білімін тереңдетіп әрі байытатын, Отанға деген махаббатқа тәрбиелейтін, азаматтық түсінік және білім қалыптастыратын іс әрі туған өлкені, шағын аумақтарды (ауданды, ауылды, өлкені) жан-жақты оқып білумен және зерттеумен айналысатын жұмыстар жиынтығы болып табылады. Туған өлкенің табиғаты мен табиғи ерекшелігін, өлке тарихын, мәдениетін т.б. қамтиды.

«Жас өлкетанушы» арнаулы курс бағдарламасы жаңартылған білім мазмұнының спиральділік қағидаты бойынша құрылған. Бұл бағдарлама оқушының тек өзінің туған жерін оқытып ғана қоймай өнерге, әдебиетке деген қызығушылығын көтеруге баули отырып, ұлтжандылыққа, еңбекқорлыққа, ғылыми-ізденімпаздыққа бастап, таным кеңістігі мен ой-өрісін кеңейтуге, шығармашылық қабілетін арттыра отырып іс-тәжірибе жинақтауға, білімділік пен зияткерлік негіз қалыптастыруға, алдағы уақытта өзі сүйетін мамандықты дәл таңдауға көмектеседі.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері айқын. Күтілетін нәтиже қосымша білім беру саласының мақсатымен үндес, әрі қолжетімді.

Бағдарлама 34 сағатқа негізделген, аптасына 1 сағат. Тақырыптары оқушының жас ерекшелігіне орай күрделендіре отырып, үзіліссіз білім береді. Көптеген тақырып оқу үрдісінде аз қамтылатындықтан осындай туристік-өлкетану үйірмелері арқылы қосымша мол білім алатындығына сенемін.

Авторлар бағдарламаға негіздеп хрестоматия мен жұмыс дәптерін жасаған. Хрестоматияда берілген тақырыптармен таныса отырып, оны әрі қарай жұмыс дәптерінде тапсырмалар арқылы бекітеді. Тапсырмалар үлгілері оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай құрастырылған және орындау барысында оқушылардың қызығушылықтарын оятады.

Бағдарламаны қосымша әдістемелік құрал ретінде қолдануға болады.

Пікір беруші:

Павлодар мемлекеттік педагогикалық
университетінің доценті, ф.ғ.к.

М.И.Оразханова



Өзектілігі.

«Жас өлкетанушы» бағдарламасы жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып оқушыларына арналған. Арнаулы курс бағдарламасы өз өлкесіне тән негізгі ерекшеліктерді анықтауға жағдай жасайтын, өлкеміздегі ауыл- қала төңірегіндегі қасиетті, шежірелі тарихи бар жерлерінің іздеу-зерттеу әрекеттерінің алгоритмі болып табылады. Бағдарлама бастауыш сынып оқушыларының патриоттық сезімдерін оятуға, өз Отандарын қорғауға, қадірлеуге бағытталған.

Түсінік хат

«Жас өлкетанушы» арнайы курс бағдарламасы 1-4 сыныптарда жұмасына 1 сағаттан, жылына 36 сағат, 1 сыныпта жылына 35 сағат.

"Өз елінің дәстүрін, тарихының өткені мен бүгінгісін білмеген жас ұрпақ болашаққа көз жүгірте алмайды" деген қағидаға сүйене отырып, "Жас өлкетанушы" арнайы курс бағдарламасы құрастырылды.

Еліміз егемендік алып, аяғынан тік тұра бастаған күннен бастап өлкеміздегі тарихындағы көптеген құпия сыры ашылмаған жерлеріміз көбіе бастады. Отандық тарихты, жекелеген аймақтардың тарихын зерттеу арқылы одан әрі тереңірек түйсіну қажеттігі де біртіндеп өсіп келеді. Сондықтан өскелен жас ұрпаққа өз елінің географиялық орнын, оның аумағын, шекаралас мемлекет пен аудандарын әрбір адам баласы білуі қажеттілігі туындап отыр.

Бағдарлама жаңартылған білім мазмұнына сәйкес спираль тәріздес құрылымға негізделген. «Жас өлкетанушы» бағдарламасымен қоса, 1-4 сынып оқушыларына және бастауыш сынып мұғалімдеріне қосымша құрал ретінде хрестоматия, 1-2 сыныптарға жұмыс дәптерлері дайындалды. Бұл оқу құралы оқушыларды қазақ ертегілерінің кейіпкерлерімен бірге өлкемізге саяхатқа шақырады.

Білім мазмұнын жаңарту аясында 8 негізгі ортақ тақырып қамтылған. Әр тақырыпқа 4-5 сағат бөлінген.

1. «Өлкетанудың алғашқы бастауы»- 4 сағат
2. «Менің ататегім және отбасым»- 4 сағат
3. «Менің алтын ұям - мектебім»- 4 сағат
4. «Отанымның картасындағы менің өлкем» - 4 сағат
5. «Туған қалама саяхат»- 5 сағат
6. «Сүйікті өлкем оның пайдалы қазбалары »- 5 сағат
7. «Өлкемнің салт-дәстүрі мен мәдениеті »-4 сағат
8. «Өлкеміздің атақты адамдары - 3 сағат
9. Қорытынды 3сағат (1 сынып 2 сағат)

Мақсаты: Отансүйгіштікке, толеранттылыққа, белсенділікке, өлкенің табиғатын, мәдениетін және тарихи мұраларын сақтай білуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Өз өлкесінің орналасқан жері, шығу тарихы, аумағы, халқы, мәдениеті жайында ақпарат жинақтау;

- Өз жерінде шыққан (аумақтан, ауылдан, облыстан) атақты адамдар жайлы материалдар қарастыру;
- Атақты, қасиетті жерлерді анықтап, кітапша дайындау.

1 сынып. Күntізбелік жоспар. Аптасына -1сағат, жыл бойына -35 сағат

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Мерзімі | Сабақ түрі |
|--|---|------------|---------|------------|
| I.Бөлім «Өлкетанудың алғашқы бастауы» | | | | |
| 1. | Кіріспе сабақ. Өлкетану дегеніміз не? | 4 | | ойын |
| II.Бөлім «Менің ататегім және отбасым | | | | |
| 1. | Менің отбасым | 4 | | әңгімелеу |
| III. Бөлім «Менің алтын ұям - мектебім» | | | | |
| 1. | Менің мектебім | 4 | | құрастыру |
| IV.Бөлім «Отанымның картасындағы менің өлкем» | | | | |
| 1. | Республика рәміздер | 4 | | сайыс |
| V.Бөлім «Туған қалама саяхат» | | | | |
| 1. | Менің қаламның суреті, пайдалы қазбасы | 5 | | танымыдық |
| VI.Бөлім «Сүйікті өлкем оның пайдалы қазбалары» | | | | |
| 1. | Табиғаты әсем, қазбасы бай өлкем | 5 | | танымыдық |
| VII.Бөлім «Өлкемнің салт-дәстүрі мен мәдениеті» | | | | |
| 1. | Мұражайға саяхат | 4 | | саяхат |
| VIII.Бөлім «Өлкеміздің атақты адамдары» | | | | |
| 1. | Атақты адамдардың есімімен аталған көшелер | 3 | | танымыдық |
| IX.Бөлім «Қорытынды» | | | | |
| 1. | «Менің өлкем» тақырыбына мақал- мәтел жаттау | 2 | | Сайыс |

2 сынып. Күнтізбелік жоспар. Аптасына -1сағат, жыл бойына -36 сағат

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Мерзімі | Сабақ түрі |
|--|---|------------|---------|------------|
| I.Бөлім «Өлкетанудың алғашқы бастауы» | | | | |
| 1. | Кіріспе сабақ. «Өлкетану ұғымы туралы мағлұмат» | 4 | | танымыдық |
| II.Бөлім «Менің ататегім және отбасым | | | | |
| 1. | Отбасымның тегі, есімдері. | 4 | | әңгімелеу |
| III. Бөлім «Менің алтын ұям - мектебім» | | | | |
| 1. | Мектебімнің тарихымен танысу | 4 | | танымыдық |
| IV.Бөлім «Отанымның картасындағы менің өлкем» | | | | |
| 1. | Отанымыздың географиялық картасы | 4 | | танымыдық |
| V.Бөлім «Туған қалама саяхат» | | | | |
| 1. | Менің қаламның атақты адамдары | 5 | | Ойын |
| VI.Бөлім «Сүйікті өлкем оның пайдалы қазбалары» | | | | |
| 1. | Өлкеміздің көлдері мен қазбалары | 5 | | Суреттеу |
| VII.Бөлім «Өлкемнің салт-дәстүрі мен мәдениеті» | | | | |
| 1. | Аймақ тұрғындары | 4 | | танымыдық |
| VIII.Бөлім «Өлкеміздің атақты адамдары» | | | | |
| 1. | Ауыл-аймақтарынан шыққан атақты адамдар есімі | 3 | | танымыдық |
| IX.Бөлім «Қорытынды» | | | | |
| 1. | «Туған жер» тақырыбына ребус құрастыру | 3 | | Ойын |

3 сынып. Күнтізбелік жоспар. Аптасына -1сағат, жыл бойына -36 сағат

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Мерзімі | Сабақ түрі |
|--|--|------------|---------|--------------|
| I.Бөлім «Өлкетанудың алғашқы бастауы» | | | | |
| 1. | Кіріспе сабақ. «Өлкеміздің шығу тарихы» | 4 | | танымыдық |
| II.Бөлім «Менің ататегім және отбасым | | | | |
| 1. | Отбасымның салт дәстүрлері | 4 | | әңгімелеу |
| III. Бөлім «Менің алтын ұям - мектебім» | | | | |
| 1. | Мектеп мұрағаты | 4 | | саяхат |
| IV.Бөлім «Отанымның картасындағы менің өлкем» | | | | |
| 1. | Кіші өлкем- Екібастұз | 4 | | саяхат |
| V.Бөлім «Туған қалама саяхат» | | | | |
| 1. | Қаламның тарихы | 5 | | танымыдық |
| VI.Бөлім «Сүйікті өлкем оның пайдалы қазбалары» | | | | |
| 1. | Өлкемнің ауыл-аймақтары, байлығы | 5 | | танымыдық |
| VII.Бөлім «Өлкемнің салт-дәстүрі мен мәдениеті» | | | | |
| 1. | Тұрғылықты ұлт өкілдері | 4 | | шығармашылық |
| VIII.Бөлім «Өлкеміздің атақты адамдары» | | | | |
| 1. | Қаламыздағы әйгілі адамдардың ескерткіштері | 3 | | Саяхат |
| IX.Бөлім «Қорытынды» | | | | |
| 1. | «Туған жердей жер болмас.....» эссе жазу | 3 | | шығармашылық |

4 сынып. Күнтізбелік жоспар. Аптасына -1сағат, жыл бойына -36 сағат

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Мерзімі | Сабақ түрі |
|--|---|------------|---------|--------------|
| I.Бөлім «Өлкетанудың алғашқы бастауы» | | | | |
| 1. | Кіріспе сабақ. «Өлкеміздің шығу тарихы мен географиялық орнын анықтау» | 4 | | танымдық |
| II.Бөлім «Менің ататегім және отбасым | | | | |
| 1. | Отбасымның шежіресі | 4 | | шығармашылық |
| III. Бөлім «Менің алтын ұям - мектебім» | | | | |
| 1. | Мектебімнің салт- дәстүрлері | 4 | | Ойын |
| IV.Бөлім «Отанымның картасындағы менің өлкем» | | | | |
| 1. | Менің өлкем – Павлодар облысы | 4 | | танымдық |
| V.Бөлім «Туған қалама саяхат» | | | | |
| 1. | Көшелердің шығу тарихы | 5 | | танымдық |
| VI.Бөлім «Сүйікті өлкем оның пайдалы қазбалары» | | | | |
| 1. | Баянауыл табиғаты мен байлығы | 5 | | танымдық |
| VII.Бөлім «Өлкемнің салт-дәстүрі мен мәдениеті» | | | | |
| 1. | Өлкеміздің салт-дәстүрі мен мәдениеті | 4 | | Ізденіс |
| VIII.Бөлім «Өлкеміздің атақты адамдары» | | | | |
| 1. | Баянауыл өлкесінен шыққан атақты адамдар | 3 | | танымдық |
| IX.Бөлім «Қорытынды» | | | | |
| 1. | Ғылыми жоба қорғау | 3 | | Қорғау |

Күтілетін нәтиже:

- Өз өлкесінің орналасқан жері, шығу тарихы, аумағы, халқы, мәдениеті жайында танымдық қабілеттері қалыптасады;
- Атақты, қасиетті жерлерімен танысып ,кітапша дайындайды;
- Мақал-мәтел, ребус, эссе және ғылыми жоба жазу арқылы тілдік қоры дамып, ой-өрісі кеңейіп, Отансүйгіштікке деген махаббаты артады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Арын Е.М, А. Нұхұлы, Т.Еңсебаев. «Павлодарской области 65 лет». Өлкетану, 2002ж., №2.
- 2.Әлімбаев М. «Көңіл күйі», 1985ж.,12 бет .
3. Бөжен. Б. «Айқын» - республикалық қоғамдық – саяси газеті, 02.11.10ж
4. Т. Еңсебаев «Павлодар өңірінің тарихы туралы очерктер». 1-бөлім,
Павлодар. ЭКО. 2001, 28-Б.
- 5.Исабеков Р. «Караван» . Павлодар ,25 шілде 2008ж.6-бет
6. Қадыр Г. «Дала мен қала», 02.10.2010 ж.
7. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. II-том, 365- бет.
8. Назарбаев Н. «Тарих толқынында». Алматы: 1999 ж..

